# Конкурс жарияланды

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамының директорлар кеңесі Аризона университетінің халықаралық бағдарламалары жөніндегі басқарма мүшесі бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды. М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамының мекенжайы: Петропавл қаласы, Пушкин к., 86.

Қызметтің негізгі мәні жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласында білім беру қызметтерін ұсынуды көздейді.

Қызметтің мақсаты ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу, білім беру және оқыту, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамыту, әзірлемелерді коммерцияландыру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы, мүмкіндігінше шетелдік ЖЖОКБҰ-да алған білім; тиісті салалардағы білім беру ұйымдарында және уәкілетті органдарда басшы лауазымдарда кемінде үш жыл жұмыс өтілі немесе конкурстық лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда кемінде бес жыл жұмыс өтілінің болуы, ағылшын тілін білу.

Конкурсқа қатысуға мынадай санаттағы адамдар жіберілмейді:

1) жиырма бес жастан кіші;

2) бұрын сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылық жасаған;

3) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрғандар;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысу үшін үміткерлер мынадай құжаттарды ұсынады:

1) белгіленген нысандағы өтініш;

2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) белгіленген үлгі бойынша 3х4 үлгідегі түрлі түсті суретпен конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;

4) білімі туралы құжаттардың және салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсына отырып, оларға қосымшалардың көшірмелері;

5) жұмыс орны (қолданыстағы не соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырылған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) №075/е нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби кеңес қорытындысы);

7) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес психоневрологиялық ұйымнан берілгеніне құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жыл толмаған анықтама;

8) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес наркологиялық ұйымнан берілгеніне құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жыл толмаған анықтама;

9) Қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салудың жоқ екенін растайтын құжат.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда конкурсқа қатысушылар 6, 7 және 8-тармақшаларда көрсетілген құжаттарды ұсынбайды.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

Конкурстың өтетін күні мен орны қосымша хабарланады. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде Петропавл қ., Пушкин к., 86, 2 корпус мекенжайы бойынша М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті КЕАҚ корпоративтік хатшысына ұсыну қажет (426 кабинет, телефоны: +77775122629).

● *Jer-jahan*



## ДОНАЛЬД ТРАМПҚА ТАҒЫЛҒАН АЙЫПТАР

АҚШ-тың бұрынғы президенті Дональд Трамп федералды билік құпия құжаттарды дұрыс пайдаланбағаны үшін айып тағып отырғанын мәлімдеді. Ол өзінің кінәсіздігін алға тартып, қазіргі президентті саяси себептермен қудалады деп айыптайды. Ақпарат құралдарының хабарлауынша, Дональд Трампқа жеті бап, оның ішінде құпия құжаттарды заңсыз сақтау бойынша айып тағылған. Бұл – Дональд Трампқа тағылған екінші және АҚШ-тың бұрынғы президентіне қатысты федералды прокуратура ұсынған алғашқы айыптау. “Америка Құрама Штаттарының бұрынғы президентіне осындай әрекеттер жасалады деп ешқашан ойламаппын. Біз үлкен құлдырау алдында тұрған елміз. Бірақ біз бірігіп Американы қайтадан ұлы ел етеміз!” – деп жазды ол өзінің соңғы сайлау науқанының басты ұранын сөз етіп. Дональд Трамп 2024 жылы президенттікке қайта оралу науқанын жүргізіп жатыр. Егер кінәлі деп танылса, бұрынғы президент түрмеге қамалуы мүмкін. Заңгер сарапшылар АҚШ заңында немесе конституциясында оның сайлау алдындағы науқанға қатысу мүмкіндігін шектейтін ешқандай бап жоқ екенін айтады.

## БАЛАМАЛЫ ЭНЕРГЕТИКАҒА АУЫСҚАН

Германияда үш атом электр станциясы жабылды. Қазір мемлекет қуат көзінің 66 пайызын күн мен желден алып отыр. Ал 2030 жылға дейін энергияның 80 пайызын “жасыл технология” арқылы өндіру жоспарда бар. Қазір Германияда үйлер мен дүкендерде, кеңсе шатырларында күн батарялары орнатылып, алып жел станциялары салынған. Тіпті толығымен баламалы энергетикаға ауысқан елді мекендер бар. Өздерін таза энергиямен қамтып, артығын өзгелерге сатады. Мемлекеттен бөлінетін субсидия да бұған септігін тигізді. “Тез арада көмірден бас тарту маңызды. Бұл отынды жағатын электр станциялары ауаны ластап, климатқа кері әсерін тигізеді. Мұның бәрі ғаламдық жылыну мен ауа райының өзгеруіне әкеп соқтырады. Сондықтан жаңғыртылатын энергетикаға ауысуды үдету керек. Сондай-ақ бұл жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Егер жасыл энергия өндірісіне көбірек инвестиция құйса, ол зиян көмірді ығыстырады”, – дейді эколог Марк Кияра.




## ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКА ДАМЫҒАН ЕЛ

Қытайдың цифрлық экономикасы 7 трлн. доллардан асты. Бұл көрсеткіш бойынша ол әлемде екінші орында тұр. Жылдың аяғына дейін жоғары технологиялық компаниялардың саны 80 мыңнан асады. Бұл 5G технологиясын кеңінен ендірудің арқасында мүмкін болған. Жаңашылдық интернеттің түрлі салада дамуына екпін берді. Әсіресе “тұрмыстық заттар” интернеті құрылғылар арасында өзара мәлімет алмасуға жол ашты. 5G жүйесін пайдаланушылардың 60 пайызынан астамы Қытайда тұрады. Олардың саны 600 миллионға жетеді. Елде ұялы байланыстың бесінші буынының 2.7 миллионнан аса станциясы салын-

# SOLTÜSTIK QAZAQST

Gazet 1920 jyldyñ 22 aqpanynan şyğa bastady №66 (23020) Seisenbı, 13 mausym 2023 jyl www.so

kyzylzhar_akparat@mail.ru facebook.com/soltustikkaz instagram.com/soltustikkaz vk.com/sol


*Prezident*

## ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шарифпен телефон арқылы сөйлесті. Тараптар Қазақстан мен Пәкістан арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың перспективаларын талқылады. Сондай-ақ екі ел арасындағы өзара сауда-саттықтың қарқынды дамып келе жатқаны және түрлі саладағы ынтымақтастықтың кеңейе түскені атап өтілді.

* * *

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоғанмен телефон арқылы сөйлесті.

Түркия Президенті Абай облысындағы алапат өрт салдарынан адамдардың қаза табуына байланысты Қасым-Жомарт Тоқаевқа және бауырлас Қазақстан халқына көңіл айтты.

* * *

Өзбекстан тарапының бастамасымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Прези-

*Tosyn tabiğat*

# АБАЙДАҒЫ АЛАПАТ

## Өңір еріктілері гуманитарлық көмек жинауда



Ассамблеясы
лиалдарында
дары жұмыс
– Күні ке
мізге ауыр т
ести салыс
рухы" жастар
де Абай обл
еріктілер жи
азық-түлікті
мекендеріне
шілерге үлес
тық "Жастар
төрағасы Бір
Соңғы м
өрттен зард
дердің 150 т
пункттерге о